

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/ICYL6092>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/FGIA7512>

***Г. Ж. Искакова¹, Б. Шалабай²**

^{1,2}Ш. Уәлиханов Көкшетау университеті,

Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ.

*e-mail: g_ristina@mail.ru

АНТРОПОМОРФИЗМ, ЗООМОРФТЫ МЕТАФОРЛАР КӨРКЕМ МӘТІНДЕ АВТОР МОДАЛЬДЫЛЫҒЫНЫҢ БЕРІЛУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Мақалада авторлық модалдылық категориясы және оның көркем мәтінде имплицитті берілу жолдары қарастырылады. Авторлық модалдылық категориясына автордың жеке ерекшеліктері, оның эмоциялық-этикалық өзгешелігі, аксиологиялық қозғарастары және авторлық бағалауы жатады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – авторлық модалдылық категориясын жан-жақты зерттеп, оның көркем мәтінде имплицитті берілу жолдарын, соның ішінде антропоморфизм және зооморфты метафоралар арқылы берілуін анықтау. Зерттеу жұмысында модалдылық категориясы мәтін деңгейінде қаралғандықтан, мәтінді кешенді талдау әдісі қолданылды, яғни сипаттамалық, анализ, синтез әдістері, семантика-стистикалық, контекстік, когнитивтік әдіс.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде авторлық модалдылық категориясына қатысты ғылыми еңбектер сұрыпталып, «авторлық модалдылық» категориясы әртүрлі деңгейдегі (грамматикалық, синтаксистік, морфологиялық, стилистикалық, мәтіндік) тілдік бірліктер арқылы жүзеге асады деген тұжырым жасалды. Көркем шығармада авторлық модалдылық сюжеттерге негіз болған тақырыптар, образдар, концептілер, мифологемалар, символдар, антропоморфизм, зооморфты метафоралар арқылы беріледі. Аталған зерттеу жұмысында авторлық модалдылық категориясының имплицитті құралдарына жататын антропоморфизм және зооморфты метафоралар қарастырылды. Зерттеу жұмысының нәтижелері қазақ тіл білімінде мәтін лингвистикасын, стилистика саласын әрі дамытуға, тілдік бірліктердің мәтін құраушы әлеуетін

зерттеу мәселелерін шешуге, сонымен қатар прагмалингвистиканың, лексикологияның, функционалдық стилистика мен мәтін лингвистикасының жекелеген мәселелерін зерделеуге белгілі бір дәрежеде өзіндік үлесін қоса алады.

Кілтті сөздер: авторлық модальдылық, көркем мәтін, имплициттік құралдар, антропоморфизм, зооморфты метафоралар.

Кіріспе

«Модальдылық» категориясының логикалық және лингвистикалық интерпретациясын ажыратып алуға қатысты пікірталастар әлі күнге дейін жалғасып келеді. Себебі «модальдылық» категориясы лингвистиканың да, логика ғылымының да зерттеу нысаны болып табылады.

Агглютинативті тілдер қатарындағы қазақ және қырғыз тілдерінде модальдылық категориясы мәселесіне қатысты Е. Н. Жанпейісов, С. М. Исаев, К. Мамаділов, Г. А. Медетова, Д. В. Сапарова, С. Қ. Құлманов, И. А. Батманов, С. А. Давлетов, Т. К. Ахматов, Э. У. Илебаев, Дж. Джусаев сынды ғалымдардың зерттеулері баршылық.

Модальдылық категориясын зерттеу тарихы модальдылықтың объективті және субъективті аспектілерін ажыратып, ерекшеліктерін көрсетуден бас тартып, керісінше, оны сөйлеушінің субъективті көзқарасын білдіретін тұтас категория ретінде қарастыру алға тартылды. Қазіргі тіл білімінде «модальдылық» категориясының көлемі едәуір кеңейіп, кез келген коммуникативті модусты: сөйлеу, білім, пікір, бағалау модустарын қамтитыны айтылады [1].

Модальдылық категориясын көркем шығармалар материалдары негізінде қарастырып, мәтін модальдылығы терминін алғаш рет енгізген ғалым – И. Р. Гальперин. Ғалымның пікірінше, мәтіннің негізгі критерийлері (ақпараттылық, тұтастық, аяқталуы, байланыс (интегративтілік), мүшеленуі, ретроспекция, проспекция, мәтін бөліктерінің автосемантизациясы, коммуникативті бағыт) модальдылық категориясымен тығыз байланысты. Демек, модальдылық – мәтіннің міндетті категориясы деген тұжырымға келді [2, 139].

Бұл тұжырым ғалымдар тарапынан оң қабылданды деуге болады. Өйткені бұл пікір «The Cognitive Modelling of Textual Modality» атты мақала авторларының ойымен тоғысып жатыр. Тілші ғалымдар: «Әртүрлі сипаттағы модальдық мағыналарды талдағанда, модальдылықты тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, морфологиялық, синтаксистік және мәтіндік қабаттарын қамтитын «деңгейаралық» категория ретінде қарастыруға болады», – деп тұжырымдайды [3, 972].

В. Н. Хисамова: «Модальдылық категориясын мәтін деңгейінде қарастырған кезде, келесі лексика-семантикалық құралдарды қамту керек: просодикалық, грамматикалық, лексикалық, стильдік құралдар», – деген пікірді басшылыққа алады [4, 675].

Модальдылық категориясын синтаксис аясында қарастырған Ж.А.Құсайынова: «Модальдылық санатының қыр-сырын талдау үшін, мәнмәтін аясындағы мағыналық байланысқа назар аударып, функционалды-семантикалық сипаттауды басшылыққа алған жөн. Құрылымдық синтаксис деңгейіндегі талдаулар модальдылық санатының грамматикалық табиғатын толық ашып көрсете алмайды», – деген тұжырымға келеді [5, 16].

Мәтін деңгейінде модальдылық категориясын зерттеудің келесі қадамы – авторды мәтіннің субъектісі ретінде қарастырып, «авторлық модальдылық» терминін енгізу болды.

Ғылыми әдебиетте авторлық модальдылық терминінің пайда болуы, ең алдымен, Л. Г. Барлас, В. А. Кухаренко, М. И. Откупщикова сияқты ғалымдардың жұмыстарымен байланысты, алайда аталған терминнің мазмұндық көлемі әлі күнге дейін айқындалмаған. Десек те, аталған ғалымдардың зерттеулері авторлық модальдылық терминін екі жақты қарастыруға мүмкіндік береді. Яғни «авторлық модальдылық» термині тар мағынада «автордың интенциясын жүзеге асыру құралы» ретінде қарастырылады» [6, 16]. Бұлай талдаудың бір кемшілігі ретінде «авторлық модальдылық» термині тек «автор бейнесімен» байланысты қаралып, мәтін мазмұнын бағалаудың, оның ішінде көркемдік, модальдық және экстенционалды сияқты түрлерінің толық қамтылмауын айтуға болады.

Лингвист-ғалымдар тұрғысынан «авторлық модальдылық» терминін кең мағынада қарастыру анағұрлым өнімді екенін атап өткен жөн. Кең мағынада «авторлық модальдылық» көпжоспарлы категория ретінде түсіндіріледі. Аталған категория автор бейнесімен ғана шектелмей, мәтіннің барлық деңгейлері арқылы қалыптасатын кейіпкер бейнесін және синтаксистік құрылымын қамтиды [7, 29].

Н. С. Валгина «авторлық модальдылық» терминіне «мәтінді құру мен мәтінді қабылдаудың ең маңызды элементі» деген анықтама берсе [8], Б. Шалабай: «Авторлық модальдылық – мәтінде автордың хабарланатын ақпаратқа қарым-қатынасының, оның тұжырымдамасының, көзқарасының, ұстанымының, оның құндылықтар бағдарының, оқырманға хабарлау үшін тұжырымдалған өрнегі», – деген тұжырым жасайды [9, 126].

Біздің зерттеуімізде модальдылықты зерттеу – сөйлеу субъектісімен байланысты қаралып, интенционалды аспект аясында шешілетін міндеттерді қамтиды.

Сонымен, авторлық модальдылық мәтін деңгейінде эксплицитті және имплицитті тілдік құралдар жүзеге асатын, мәтін түзуші категория деп қорытынды жасауға болады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысында көркем мәтінді талдау жұмысы жүргізілгендіктен, мәтінді кешенді талдау әдісі қолданылды, яғни сипаттамалық, анализ, синтез әдістері, семантика-стилистикалық, контекстік, когнитивтік әдіс. Сондай-ақ мәтіндік талдау, көркем шығармадағы тілдік бірліктерді дүниетанымдық, жағдаяттық, коннотаттық қолданыстарды интерпретациялау әдісі, салыстырмалы әдіс қолданылды.

Сипаттамалық-аналитикалық әдіс зерттеу мәселесі бойынша лингвистикалық әдебиеттерді қарастыру, ғалымдардың пікірлерін сұрыптап, қорытынды шығаруда пайдаланылды. Көркем мәтінде авторлық модальдылықты анықтау мақсатында семантика-стилистикалық әдіс қолданылды. Себебі мұндай талдау автордың стильдік ерекшеліктері туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Зерттеу материалы ретінде қазақ жазушысы Ә. Кекілбаев пен қырғыз жазушысы Ш. Айтматовтың көркем шығармалары алынды.

Нәтижелер және талқылау

Аталған зерттеу жұмысында Ә. Кекілбаев пен Ш. Айтматов шығармалары негізінде «авторлық модальдылық» категориясының имплицитті құралдарын, соның ішінде антропоморфизм, зооморфты метафоралар арқылы берілу жолдарын қарастырамыз.

Ә. Кекілбаев пен Ш. Айтматовтың шығармаларын идеялық-мазмұндық тұрғыдан талдаған кезде авторлардың дүниетанымы, ұстанатын көзқарасы түркі халықтарының санасында қалыптасқан түсініктер, дүниені қабылдау ерекшеліктері сақталғанын аңғару қиын емес. Әрі автор белгілі бір жағдаятқа өз көзқарасын, құндылықтар бағдарын, яғни авторлық модальдылықты танытуда әртүрлі жолдарды қарастырады. Солардың бірі – антропоморфизм тәсілі.

Ф. Е. Кочкарев аталған терминге келесідей анықтама береді: «*антропоморфизм* – бұл тіл, бейнелеу өнері мен әдебиеттің номинативті құралдары арқылы көрініс табатын дүниетанымдық тұжырымдаманың бір түрі. Бұл тұжырымдамаға сәйкес антропоморфизмнің нысандары – жансыз заттар, тіршілік иелері және ойдан шығарылған аңдар, олардың адамдық болмысы жоқ, бірақ адами қасиеттерге ие. Сонымен бірге антропоморфты нысандарға адамның мінез-құлық қасиеттері тән: олар адамдар сияқты сезіне, сөйлесе алады, ойлана біледі, уайым мен эмоцияларды сезіне алады, яғни адамның маңызды әрекеттерін орындай алады» [10, 210].

Демек, антропоморфизм дегеніміз – адамның бейнесі мен оның қасиеттерін жансыз заттарға, жануарларға, өсімдіктерге, табиғи құбылыстарға, табиғаттан тыс заттарға, абстрактілі ұғымдарға және т.б. ауыстыру.

Көк бөрі түркі халықтарының танымында тотем екенін ескере келе, автор өз шығармасында сол мифтік образ арқылы өзінің ойындағы экологияға қатысты пікірлерін оқырманға жеткізеді. Қасқырды қыру, ормандарды өртеп, бөкендерді ату арқылы адам өзіне қастық жасап жатқанын айтқысы келеді. Қасқырды түркі халқы пір тұтқанын, оған жасалған қастандық жақсылықпен аяқталмайтынын ескертеді. Ол үшін автор қасқырға адам санасын беріп, антропоморфты бейне ретінде ұсынады.

Біз талдағалы отырған Ш. Айтматовтың «Жан пида» романында автор жыртқыш аңға адамша есім (Аққұртқа) беріп, жыртқышқа адамның сана-сезімін дарытады. Мысалы:

(1) Аққұртқа үшін ендігі тіршіліктің мәні қалмады. Ендігі жерде ол өткен өмірді еске түсірумен ғана болды. Өткен күндер елесі көз алдынан қайта-қайта көлбеңдеп өте береді. Тасшайнармен бірге кешкен әрбір күн еске оралады. Кәрі басын екі аяғының арасына салып қойып, көзін жұмып, тағы да сол балаларын ойлайды. Көз алдына біресе осы таяуда ғана ұрланған төрт күшік келеді, біресе Мойынқұм қырғынында қыршып кеткендер келеді, енді бірде Алдаш қамысының өртіне күйіп кеткен бөлтіріктері елестейді.

...Енді соның бәрі-бәрі бір-бір көрген түс сияқты, қайталанбас түстер. Бірақ қайтсе де, Аққұртқаның жүрегінде бір үміттің шоғы жылтырап, үміт шіркін үзілмейді [11, 460].

(1) мысалда Аққұртқа – адами қасиеттерге ие антропоморфты бейне. Ол адамдар сияқты бақытты шақтарын есіне түсіреді, ойланады, бөлтіріктерін елестетеді және болашақта бір жақсылық болатынына үміттенеді. Көріп отырғанымыздай, адамдардың табиғатқа деген кесапатын автор антропоморфты бейне арқылы жеткізеді. Тасшайнар мен Аққұртқаның тағдыры арқылы экологиялық мәселелер көтеріледі.

Келесі (2) мысалға назар аударатын болсақ, Аққұртқа адамдарша көзінің қырын салып, күшіктері мен арланына қарап, ойланып, түйін шығара алады:

*(2) Аққұртқа көзінің қиығымен ғана байқап қалды: **киіктердің қалың ортасында қасқырлар көсіле сілтеп, бауырын барыниша жазып ұшып келеді.** Әне, тұла бойы тұңғыштары: үрейден көзі шарасынан шыға жан ұшырған Дәубас, қатарында Желаяқ; оларға әрең ілесіп, сілесі қатқан Аяулы анау; ақылынан адасқандай алақ-жұлақ етіп, жанында Тасшайнар безіп барады. **Ой, дүние-ай, десеңші, бүкіл Мойынқұмның қаһарлы қожасындай болып жүрген Тасшайнардың сықпытын-ай. Көк көз Аққұртқаның аңсағаны осы ма еді!** [11, 38].*

Ш. Айтматов шығармаларында аңдар тағдыры арқылы адам мен табиғат мәселесі көтерілгенін байқап отырмыз. Экология ұғымы әлі болмаған кезде, халық санасында саркылған дүниенің қайтарымы туралы, адамның Жер-ана алдындағы, табиғат алдындағы күнәсі туралы ойлар болған. Ш. Айтматовтың негізгі идеясы, оның концепциясы, көркем мәтін арқылы жеткізгісі келген авторлық модальдылығы – адамның рухани дүниесін және жердегі тіршілікті сақтау. Антропоморфизм тәсілін қолданудың мақсаты – кейіпкер арқылы (бұл жағдаятта қасқыр) өз ойларын, өз пікірін жеткізу. Соған сәйкес зооморфты образға адамша сана беріп, ойлануға, іштей монолог жүргізуіне мүмкіндік береді.

Ә. Кекілбаев шығармаларында авторлық модальдылық категориясын антропоморфизм арқылы беру жолдарын кездестірмедік. Алайда Ә. Кекілбаевтың өзіндік ерекшелігі – зооморфты метафораларды ұтымды қолдануында.

Метафоралар сипаттамалық ақпаратты жеткізу құралы ретінде жиі қолданылады. Адамға образды тұрғыдан баға беруде: оның сыртқы келбеті, мінез-құлқы, ақыл-ойы, басқа адамдармен қарым-қатынас ерекшеліктері және т.б. жағдайларда сөйлеуші көбінесе метафоралық модельдерге жүгінеді, осылайша сөйлеу объектісін әртүрлі бейнелі аналогиялар арқылы сипаттайды. Адамның қасиеттерін бағалауда қолданылатын метафоралардың кең таралған түрі жануарлар әлемінің өкілдеріне, олардың қасиеттері мен қылықтарына ұқсату арқылы қолданылатын метафоралар болып табылады. Мұндай метафораларды зооморфтық метафора (немесе зооморфизм) деп атап, жануардың «бейнесін» адамның мінездемесіне қолданумен байланысты когнитивтік проекцияның нәтижесі ретінде тануға болады.

Көркем шығармада авторлар зооморфты метафораларды кейіпкердің сыртқы болмысын, іс-қимылын немесе әрекетін эмоционалды түрде бағалау мақсатында жиі қолданады:

(3) Тіпті жанарымен жер сүзіп жүретін бұқа мойын күтуші кемпірдің өзі аяқ астынан аспандай қарап ешкімге көзі түспейтін мінез шығарғанды [12, 67].

(4) Енді неге бүгін кеп, өз жынын өзі қайта шайнап, күйіс қайтарған қоспақ түйедей әлдеқашан бүге-шігесіне дейін ойлап, әбден кесіп-пішіп қойған, тіріде ешкімге аузынан шықпайтын сырларын қайыра толғап, қайта ойлап отырғаны несі? [12, 21].

Берілген мысалдан (3) көріп отырғанымыздай, автор күтуші кемпірді сипаттап, баға беруде «жанарымен жер сүзіп жүретін бұқа мойын» зооморфты метафораны қолданған. Бір жағынан күтуші кемпірдің іс-әрекеті (жанарымен жер сүзіп жүретін) сипатталса, екінші жағынан сыртқы келбеті (бұқа мойын)

суреттелген. Әрі автордың тілдік ерекшелігін, стилін айқындауға мүмкіндік беретін, тек Ә.Кекілбаевтың қолданысындағы метафора.

Келесі мысалда (4) кейіпкердің іс-әрекетін, яғни ұзақ ойлануын «өз жынын өзі қайта шайнап, күйіс қайтарған коспақ түйеге» ұқсатады.

Ә. Кекілбаев қазақ ұлтының бойындағы қасиеттерді, тығырыққа тірелгендегі күйін жеткізуде де зооморфты метафораларды қолданды:

(5) *Қазақтың бір кезде ештеңеден жүрегі тайсалмаған арда да, асау да болғаны рас. Ол кезде оны жолбарыстан да жүрегі шайлықпайтын нар тәуекел ғана билей алды. Одан кейін ол тап бергенге шап берген көк жұлын арландай намысқой болды. Ол кезде оны алған бетінен өлмей қайтпайтын қайсарлық биледі. Енді, міне, ақылдан пәтуа, қайраттан айбын кеткен кезде халық та қырық құйқылжыған қызыл түлкідей қырық бұлтаң қырқылжың болмасқа шарасы бар ма! Бұндайда бұлтаратын жерде бұлтарып кете алатын, жалтарар жерде жалтарып кете алатын әмбебап айла ғана ел қорғаны бола алады. Бойынан алпыс екі айла табылатын билеуші ғана өзінің де, елінің де басын аман алып жүре алып, айласыз, әуірім, алаңғасар қайырмалаған халық құрт-құмырқаның кебін киіп, бет-бетіне безіп, бордай тозып кететін алмағайып заманның да тұғаны шығар. Мұндай әрпіл-тәрпіл кезде ел ұстайтын ердің де жол бастары тәуекелшіл жолбарыс, ашушаң арлан емес, айлакер түлкі болатын шығар. Заманына қарай амалы деген осы ғой [13, 27].*

Автор қазақтың бойындағы асыл қасиеттерді «асау тұлпарға», нар тәуекелділігін «жолбарысқа», намысқойлығын «арланға» теңеп, ақылдан пәтуа, қайраттан айбын кеткен кездегі халықтың күйін «қырық рет құйқылжыған қызыл түлкі кейімімен» салыстырады. Қазіргі заманда ел ұстайтын ердің де жол бастары «тәуекелшіл жолбарыс, ашушаң арлан емес, айлакер түлкі болатын шығар» деген тұжырымын жеткізеді. Автор ел болашағына, саясатқа қатысты пікірлерін жеткізуде зооморфты метафораларды шебер қолданған.

Ә. Кекілбаевтың шығармаларында белгілі бір жағдаятты суреттеуде немесе бағалауда келесідей зооморфты метафоралар мен эпитеттерді қолдана отырып, асқан шеберлігін танытады: *жиралаңдаған жыландар, сумаңдаған сұр жыландай, жыланкөз қолбасшы, сары үйек жыландай шұбар ала дойыр қамшы, көк есектің көңіндей боп бозару, қаңтардың қара суығы аш сиырдың тіліндей жалап-жұқтап жеп қойды, тұлпарыңды антқа ұстайсың, қызыл түлкінің кебін кию, құмырқадай құжынаған қалың жұрт, қаңбақтай ұшып толғатып тұрған әйел және т.б.*

Зооморфизмнің пайда болуына белгілі бір халықтың лингвомәдени ерекшеліктері, олардың тұрмысы, рухани мәдениеті, географиялық сипатына қарай орналасуы, климаттық жағдайлары, соған сай, сол өңірде


тіршілік ететін жануарлар дүниесінің ерекшеліктері тікелей әсер етеді, әрі тілде өз көрінісін табады. Зоонимдік метафоралардың элементтері бар фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, эпитет тілдің өзіндік ерекшелігі бар вербалды тасымалдаушылар ретінде танылады.

Синтаксистік деңгейде авторлық модальдылық модальді фразалар, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі (инверсия), сұраулы, лепті сөйлемдер, синтаксистік қайталаулар (анафора, эпифора), көп нүктелі синтаксистік құрылымдар және т.б. арқылы көрініс табады.

Прагматикалық деңгейде авторлық модальдылық концептілер, мифтік сюжеттер, аталған зерттеу жұмысына арқау болған антропоморфизмдер мен зооморфты метафоралар және т.б. арқылы көрініс табады.

Аталған тілдік құбылысты екі жақты құбылыс ретінде қарастырған жөн, өйткені біз адамды сипаттау үшін жануардың «бейнесін» ғана емес, сонымен бірге әлемнің антропоцентрлік өлшеміне байланысты жануарларға «адами» қасиеттерді дарытамыз.

Осыған орай, ғалымдардың пікірлерін ескере келе, екі терминнің аражігін айқындай кетелік (1-сурет):



Сурет 1 – Антропоморфизм және зооморфизмнің айырмашылық белгілері

Антропоморфизм – авторлық модальдылық аясын қалыптастырушы тұлға. Авторлық модальдылық пен антропоморфизм әрекеттесуі нәтижесінде кейіпкер өміріндегі автордың ойы бойынша жасалған фактілер мен құбылыстар бейнелік тұрғыдан қайтадан ұғынылады.

Зооморфты метафоралар сөзсіз этномәдени таңбаға ие, сол себепті оларды салыстырмалы түрде зерттеу ерекше қызығушылық тудырады. Мұндай талдау зооморфтық бейнені құрайтын ассоциацияларды (яғни

жануар мен адамның қасиеттерін салыстыру үшін негіздер, уәждер) анықтауға негізделуі керек. Тілдік зерттеулердің қазіргі антропоэектілік парадигмасында адам факторының тілде көрінуінің әртүрлі аспектілері ұсынылатынын ескерсек, образды ұқсастықтардың негізінде адамды сипаттайтын метафоралық модельдерге жүгіну орынды.

Қорытынды

Мәтіннің функционалды, семантикалық және стилистикалық сияқты категорияларымен қатар, мәтінді тұтас шығарма ретінде қабылдауға қызмет ететін авторлық модальдылық категориясы бар. Ғалымдардың пікірін саралай келе, авторлық модальдылық дегеніміз – мәтінде автордың хабарланатын ақпаратқа қарым-қатынасының, оның тұжырымдамасының, көзқарасының, ұстанымының, оның құндылықтар бағдарының, оқырманға хабарлау үшін тұжырымдалған өрнегі деген қорытынды жасадық.

«Авторлық модальдылық» категориясы көркем мәтінде эксплицитті (модаль сөздер, демеуліктер, қыстырма сөздер, шақ, рай категориясы, одағай, интонация) және имплицитті (образдар, ортақ төл сөз, антропоморфизм, зооморфты метафоралар, концептілер, символдар, автор қолданысындағы пунктуация) тілдік құралдар арқылы беріледі.

Алайда біз авторлық модальдылық категориясының табиғатын ашу үшін тілдік бірліктерді жеке дара емес, тұтастықта қарастырған кезде ғана қол жеткіземіз. Өйткені «күмән, күдіктену», «өкініш», «белгісіздік», «болжалдылық», «қажеттілік», «өкініш, қайғы» сияқты модальдылық реңктерді автор тек модаль сөздер арқылы беріп қоймайды, сонымен қатар рай категориялары, одағайлар, автордың субъективтік бағалауын көрсететін тұрақты тіркестер, автор қолданысындағы тіркестер, сұраулы сөйлемдер, лепті сөйлемдер, интонация, тіпті прагматикалық деңгейде қарастыратын болсақ, шығармадағы образдар, тақырыптар, автордың идеясы, концептілер, антропоморфизмдер мен зооморфизмдер, автор қолданысындағы пунктуация пайдаланылады. Аталған зерттеу жұмысында автор модальдылығының имплицитті берілу жолдарының бірі – антропоморфизм мен зооморфты метафоралар арқылы берілуін қарастырдық.

Мәдениет адами қарым-қатынастарды реттеудің маңызды тұлғалық әлеуметтік тетігі болғандықтан, зоонимдік метафоралардың мазмұнындағы аксиологиялық ерекшеліктерді анықтау лингвомәдени контексті тереңірек интерпретациялауға мүмкіндік береді.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Таривердиева, М. А.** Семантика модальных глаголов и их роль в предложении высказывании [Текст] / М. А. Таривердиева // Филологические науки. – 1987. – № 6. – С. 53–59.
- 2 **Гальперин, И. Р.** Текст как объект лингвистического исследования [Текст]. – 5-е изд. – Москва: Комкнига, 2007. – 144 с.
- 3 **Mukhtarullina, A.** The Cognitive Modelling of Textual Modality [Text] / Issakova S., Kuzdibaeva A., Esenova K. – Procedia - Social and Behavioral Sciences 214.– 2015. – P. 970–976.
- 4 **Khisamova, V. N.** Stylistic Peculiarities of Expressing Modality in the Fiction (On The Basis Of Writings By H. B. Stowe) [Text] / V. N. Khisamova // International journal of humanities and cultural studies. – 2016. – P. 670–675.
- 5 **Құсайынова, Ж. А.** Қазақ тілі синтаксисінің модальділік аспектісі [Текст]: филол.ғыл.докт... дисс / Ж. А. Құсайынова. – Астана, 2010. – 237 б.
- 6 **Маркова, Н. А.** Прагматические особенности художественного текста [Текст] // Принципы изучения художественного текста: сб. науч. тр. – Саратов, 1992.– 235 с.
- 7 Русская грамматика: в 2 т. [Текст] / Е. А. Брызгунова, К. В. Габучан, В. А. Цикович и др. – М. : Наука, 1980.– 709 с.
- 8 **Валгина, Н. С.** Теория текста [Текст] / Н. С. Валгина. – М. : Логос, 2003. – 173 с.
- 9 **Шалабай, Б.** Қазақ тілі білімінің мәселелері [Текст]. – Алматы : Арда, 2016. – 488 б.
- 10 **Кочкарев, Ф. Е.** История и теоритические аспекты исследований антропоморфизма животного мира в мировой художественной литературе [Текст]. // Политематический сетевой электронный журнал Донского государственного технического университета. – № 6 (9), 2017. – С. 210–215.
- 11 **Айтматов, Ш.** Жан пида [Текст]: Роман / Орыс тілінен ауд. Ш. Мұртазаев. – Алматы : Жалын, 1988. – 480 б.
- 12 **Кекілбайұлы, Ә.** Он екі томдық шығармалар жинағы [Текст]. – Алматы : «Өлке» баспасы. – Т. 3.–1999.– 400 б.
- 13 **Кекілбаев, Ә.** Үркер [Текст] : роман / Ә. Кекілбаев. – Алматы : Жазушы, 1981. – 584 б.

References

- 1 **Tariverdiyeva, M. A.** Semantika modal'nykh glagolov i ikh rol' v predlozhenii vyskazyvanii [Semantics of modal verbs and their role in the sentence] [Text] / M. A. Tariverdiyeva // Filologicheskiye nauki. – 1987. – № 6. – P. 53–59.

2 **Gal'perin, I. R.** Tekst kak ob'yeht lingvisticheskogo issledovaniya [Text as an object of linguistic research] [Text]. – 5th ed. – M. : Komkniga, 2007. – 144 p.

3 **Mukhtarullina, A.** The Cognitive Modelling of Textual Modality [Text] / Issakova S., Kuzdibaeva A., Esenova K. // Procedia – Social and Behavioral Sciences 214. – 2015. – P. 970–976.

4 **Khisamova, V. N.** Stylistic Peculiarities of Expressing Modality in the Fiction (On The Basis Of Writings By H. B. Stowe) [Text] / V. N. Khisamova // International journal of humanities and cultural studies. – 2016. – P. 670–675.

5 **Qūsaiynova, J. A.** Qazaq tılı sintaksisınıñ modaldılık aspektısı [Modality of Kazakh language syntax aspect] [Text]: filol.ğyl.dokt... diss / J. A. Qūsaiynova. Astana, 2010. – 237 p.

6 **Markova, N. A.** Pragmaticheskiye osobennosti khudozhestvennogo teksta [Pragmatic features of a literary text] [Text] // Printsipy izucheniya khudozhestvennogo teksta: sb. nauch. tr. Saratov.– 1992.– 235 p.

7 Russkaya grammatika [Russian grammar] [Text]: in 2 vol. / E. A. Bryzgunova, K. V. Gabuchan, V. A. Tsikovich and others. – Moscow: Nauka, 1980. – 709 p.

8 **Valgina, N. S.** Teoriya teksta [Text theory] [Text]. / N.S.Valgina. – Moscow: Logos, 2003. – 173 p.

9 **Shalabay, B.** Qazaq tılı bılıмініñ мәseleleri [Problems of Kazakh language education] [Text]. – Almaty: Arda. – 2016. – 488 p.

10 **Kochkarev, F. Ye.** Istoriya i teoriticheskiye aspekty issledovaniy antropomorfizma zhivotnogo mira v mirovoy khudozhestvennoy literature [History and theoretical aspects of animal world anthropomorphism research in world fiction] [Text]. // Politematicheskii setevoy elektronnyy zhurnal Donskogo gosudarstvennogo tekhnicheskogo universiteta. – № 6(9), 2017. – P. 210–215.

11 **Ajmatov, Sh.** Zhan pida [Zhan Pida] [Text]: Roman / Orys tilinen aud. Sh.Murtazaev. – Almaty: Zhalyñ, 1988. – 480 p.

12 **Kekilbayuly, A.** On eki tomdıq shyğarmalar zhinağı [Collection of works in twelve volumes] [Tekst]. – Almaty: «Ölke» baspasy. – V.3.–1999.– 400 p.

13 **Kekilbayev, A.** Yrker [Urker] [Text] : roman / Ə. Kekilbayev. – Almaty: Zhazushy, 1981. – 584

Материал 13.03.23 баспаға түсті.

*Г. Ж. Искакова¹, Б. Шалабай²

^{1,2}Кокшетауский университет Ш. Уалиханова,

Республика Казахстан, г. Кокшетау.

Материал поступил в редакцию 13.03.23.

АНТРОПОМОРФИЗМ, ЗООМОРФНЫЕ МЕТАФОРЫ КАК СРЕДСТВО ПЕРЕДАЧИ АВТОРСКОЙ МОДАЛЬНОСТИ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ТЕКСТЕ

В статье рассматривается категория авторской модальности и способы ее имплицитной передачи в художественном тексте. Категория авторской модальности определяется индивидуальными особенностями автора, его эмоционально-этической спецификой, аксиологическими взглядами, а также авторской оценкой.

Цель исследовательской работы – всесторонне изучить категорию модальности автора и определить пути ее имплицитной передачи в художественном тексте, в том числе через антропоморфизм и зооморфные метафоры. Поскольку в исследовательской работе категория модальности рассматривалась на уровне текста, были использованы следующие методы комплексного анализа текста, то есть описание, анализ, синтез, семантика-стилистический, контекстуальный, когнитивный методы анализа текста.

В результате исследовательской работы были отсортированы научные труды, относящиеся к категории авторской модальности, и сделан вывод о том, что категория «авторская модальность» реализуется через языковые единицы различного уровня (грамматические, синтаксические, морфологические, стилистические, текстовые). В художественном произведении авторская модальность передается через темы, образы, концепты, мифологемы, символы, антропоморфизм, зооморфные метафоры, лежащие в основе сюжетов.

В данной исследовательской работе рассмотрены антропоморфизм и зооморфные метафоры, относящиеся к имплицитным средствам категории модальности автора. Результаты исследовательской работы могут в определенной степени внести свой вклад в развитие лингвистики текста, области стилистики в казахском языкознании, решение проблем изучения текстообразующего потенциала языковых единиц, а также изучение отдельных вопросов прагмалингвистики, лексикологии, функциональной стилистики и лингвистики текста.

Ключевые слова: авторская модальность, художественный текст, имплицитные средства, антропоморфизм, зооморфные метафоры.

*G. Zh. Iskakova¹, B. Shalabay²

^{1,2}Sh. Ualikhanov Kokshetau University,
Republic of Kazakhstan, Kokshetau.

Material received on 13.03.23.

ANTHROPOMORPHISM, ZOOMORPHIC METAPHORS AS A MEANS OF CONVEYING THE AUTHOR'S MODALITY IN A LITERARY TEXT

The article deals with the category of author's modality and ways of its implicit transmission in a literary text. The category of the author's modality is determined by the individual characteristics of the author; his emotional and ethical specifics, axiological views, as well as the author's assessment.

The purpose of the research work is to comprehensively study the category of the author's modality and determine the ways of its implicit transmission in a literary text as well as through anthropomorphism and zoomorphic metaphors. Since the category of modality was considered at the text level in the research work, the methods of complex text analysis were used. They include description, analysis, synthesis, as well as semantic-stylistic, contextual, cognitive methods of text analysis.

As a result of the research work, scientific papers dealing with the category of author's modality were sorted. It was concluded that the «author's modality» category is realized through language units of various levels (grammatical, syntactic, morphological, stylistic, textual). In a work of art, the author's modality is conveyed through themes, images, concepts, mythologemes, symbols, anthropomorphism, zoomorphic metaphors underlying the plots.

The present research work considers anthropomorphism and zoomorphic metaphors related to the implicit means of the author's category of modality. The results of the research work may, to a certain extent, contribute to the development of text linguistics, the stylistics of Kazakh linguistics. The research is interesting from the point of view of language units text-forming, pragmalinguistics, lexicology, functional stylistics and text linguistics.

Keywords: author's modality, artistic text, implicit means, anthropomorphism, zoomorphic metaphors.

Теруге 13.03.2023 ж. жіберілді. Басуға 31.03.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,41 МБ RAM

Шартты баспа табағы 25,38. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4037

Сдано в набор 13.03.2023 г. Подписано в печать 31.03.2023 г.

Электронное издание

3,41 МБ RAM

Усл. печ. л. 25,38. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4037

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz